

самурайлар тобының арасында келіспеушілік туғызды, бірақ әскерге шақыру жүйесі бұл келіспеушілікті тұрақтандырудың тәсілі болды. Кейбір самурайлар басқаларына қарағанда наразы болып, міндетті әскери қызметті айналып өтуге қарсылық қалталарын қалыптастырды. Көптеген адамдар өз-өзіне қол жұмсады немесе ашық бүлік шығарды. Заң сонымен қатар әскерилерге әскерге шақырылушыларды оқытуға мүмкіндік берді. Урбанизацияға бет бұрған кезде үкімет халықтың білімінің артта қалуына алаңдады: қарапайым адамдардың көпшілігі сауатсыз және хабарсыз болды. Әскерилер "білім алуға және мансаптық өсуге жаңа мүмкіндіктер" ұсынды. Жаңа шақырылушылар, әсіресе әскерге шақырудың алғашқы жылдарында, оқуды үйренетін. Үкімет білімді сарбаз қоғамның жемісті мүшесі бола алатынын түсінді. Білім мемлекеттің жақсаруы үшін болды. 1882 жылы жаңа қарулы күштердің императорға деген сөзсіз адалдығын талап етіп, жоғары тұрған офицерлердің бұйрықтары императордың бұйрықтарымен пара-пар деп мәлімдеді. Бұдан былай әскери күштер империялық институтпен тығыз және артықшылықты қарым-қатынаста болды. Жоғары дәрежелі әскери басшыларға императорға тікелей қол жетімділік және оның мәлімдемелерін әскерлерге тікелей жеткізу құқығы берілді. Әскерге шақырылушылар мен офицерлер арасындағы, әсіресе шаруалардан шыққан кіші офицерлер арасындағы жанашырлық қарым-қатынас әскерилерді халыққа жақындатуға ұмтылды. Уақыт өте келе адамдардың көпшілігі саяси жетекшілерден гөрі әскери қолбасшыларға ұлттық мәселелерде басшылық іздеуге көбірек келді [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гренвилл Дж. История XX века. Люди. События. Факты/Пер. с англ. О.Суворов. - М.: "Аквариум", 1999. - 896 с.
2. Л.Д.Гришелева. Формирование Японской национальной культуры (конец XVI - начало XX века) изд. "Наука", 1986. 286 с.
3. Алдонгаров А.А., Олжабай А.Ш. Геополитическая миссия Казахстана. Караганда 2004г.
4. Т.Г. Сила-Новицкая Культ императора в Японии: мифы, история, доктрины, политика. - М.: Наука. 1990. 206 с.
5. https://translated.turbopages.org/proxy_u/en-kk.ru.acc7ccb2-692c6230-86cf5aaa-74722d776562/https/en.wikipedia.org/wiki/Japanese_military_modernization_of_1868-1931

ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КСРО-НЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛІНЕ ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Мәжкен Н.

Ғылыми жетекші: PhD докторы, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Қарағанды қ.

Неліктен КСРО Чернобыль апатын жасырмақшы болды?

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ешқандай тарихи оқиға Еуропа адамдарының өмірінде Чернобыль атомдық электростанцияның 4-ші энергоблогындағы жарылыс секілді жаралы із қалдырған емес. 1986 жылы 26 сәуір 1:23 те Чернобыльден 12 км қашықтықта орналасқан атом электростанциясының 4-ші энергоблогында жарылыс болды. Энергоблоктың жарылысының нәтижесінде қоршаған ортаға орасан зор мөлшерде радиоактивті материал шығарылады, бұл Хиросимаға тасталған бомбадан 500 есе көп еді. Плутоний, уран, йод-131, стронций-90, цезий-137, цезий-134 және жартылай ыдырау мерзімі 8 күннен 30 жылды құрайтын химиялық заттар ауа, топырақ, орман, өзен-суға таралды. Бұдан бөлек, жартылай ыдырау мерзімі ұзағырақ заттар да болды мысалы, америций-241 - 430 жыл, плутоний-239 - 24 мың жылдан астам, уран-238 - 4,5 миллиард жылды құрайды [1, 26 б].

КСРО-дағы Чернобыль апаты тек Украина жерінде ғана емес, дүниежүзілік деңгейде әлемді дүр сілкіндірген қайғылы оқиға болды. Апаттың қауіпті салдарына, үлкен масштабына, химиялық ластау дәрежесіне қарамастан КСРО билігі өзінің әлем алдындағы саяси беделі үшін бұл инцидент туралы тек ішінара, бірен-саран сөзбен ғана құтылуға немесе тіпті бұқарадан барынша жасыруға тырысканы туралы білеміз. Дегенменде, билік қанша жерден жасыруға тырысқанымен Чернобыль апаты туралы шындық көп ұзамай дүниежүзілік қауымдастық пен державаларға мәлім бола бастады.

Осындай масштабты атомдық аварияны жасыруға не себеп болды?

Кеңес Одағы әрдайым мемлекеттік маңызы бар ақпараттарды қатаң бақылауға және жасыруға негізделген мемлекет болды. Қателікті мойындау, әсіресе Қырғиқабақ соғыс жылдарында әлсіздіктің

белгісі ретінде қабылданғандықтан, КСРО державасының беделіне күман туғызатын кез-кезген инцидент толығымен жасырылып отырды. Мемлекеттегі құпиялылық мәдениеті әскери операциялардан басталып, отбасындағы қарапайым тұрмыстық жағдайға дейін қатаң сақталынды деп айтсақ болады.

Чернобыль апаты КСРО ішкі дағдарыстар мен халықаралық қысымды бастан кешіріп жатқан кезде орын алды. Апатты мойындау Кеңес Одағының әлемдік аренадағы беделін жоғалту ғана емес, сонымен қатар мемлекет ішіндегі басқарушы партияға деген халық сенімінің төмендеуі секілді, держава үшін қауіпті салдарға әкелуі ықтимал болды. Сондықтанда апат туралы ең алғашқы хабарламалар қысқа, нақты және шектеулі түрде қауіпсіз контекстте жарияланды [2, 5-6 бб]. Тек бірнеше күннен кейін, радиация деңгейі Еуропа аймағында анықталған кезде кеңестік билік апатты мойындауға мәжбүр болды, бірақ, сонын өзіндеде таргедияның ауқымы құжат жүзінде біршама кішірейтілген қалпында берілді. Үнсіздіктің тағы бір себебі шенеуніктердің жеке мүдделерімен байланысты болуы мүмкін. Кез келген мемлекеттік басқару жүйесінің әртүрлі деңгейіндегі шенеуніктер болған оқиға үшін жауапкершіліктен жалтаруға тырысатыны анық. Біздің тақырыбымыз аясындағы мысал, Чернобыль атом электр станциясының директоры Виктор Петрович Брюханов және оның оң қолы, Чернобыль АЭС бас инженері қызметін атқарған Анатолий Степанович Дятлов қылмыстық жауапкершіліктен жалтару мақсатында АЭС тағы жарылыстың шынайы ауқымы туралы хабарлаудың орнына, апатты тек «локальдық инцидент» ретінде бекітпекші болды.

Жалпы, XX ғасырдағы кеңес бюрократиясы өзінің күрделілігімен және саяси қуғын-сүргінге ұшырау алдындағы қорқынышымен сипатталады және осындай тенденцияның салдарынан бағынышты кадрлар репрессиядан қауіптеніп басшылыққа істің нақты жағдайын хабарлай алмады. Оның орнына жалған есептер мен докладтар жазылып, ол өз кезегінде қағаз жүзінде болған апаттың жеңіл түрде сипатталуына әкелді. КСРО-дағы атом электр станциялары елдің мақтанышы, ғылыми-техникалық прогрестің символы болып саналса, ал Чернобыль апаты идеологияға негізделген кеңестік жүйенің кемшілігінің символына айналды. Апатты мойындау бұл жүйенің осалдығын мойындауды білдірді.

Чернобыль АЭС жарылысы туралы.

Чернобыль АЭС-ның құрылысы 1970 жылы басталып, 1977 жылы аяқталып, сол жылдың 25 қыркүйегінде сәтті іске қосылды. Станция Украинаның Белорусиямен шекаралас жерінде, Киевтен 120 км қашықтықта, Чернобыль қалашығынан 15 км және АЭС жұмыскерлері үшін арнайы құрылған Припять қаласынан 4 км жерде орналасады. Сол замандағы стандарттар бойынша Ленин атындағы ЧАЭС кеңес одағындағы ең ірі атомдық станция ретінде саналды, оның жобалық қуаты 6000 МВт құрады. Апат кезінде ЧАЭС әрқайсысының электр қуаты 1000МВт ал жылу қуаты 3200 МВт болатын РБМК (реактор большой мощности канального типа) реакторларына негізделген төрт энергоблок жұмыс істеді [1, 65-66 б]. РБМК кеңестік жобамен салынған, уранмен жұмыс істейтін, графитті баяулатқышы және су салқындатқышы бар кең көлемді энергетикалық реактор түрі болды. Бұл реакторлардың басты артықшылығы олардың үлкен қуат өндіре алуы және ядролық отынды реакторды тоқтатпай ауыстыру мүмкіндігі еді. Алайда дәл осы конструкциялық ерекшеліктер кейін қауіпсіздік тұрғысынан күрделі кемшіліктерге әкелді.

1986 жылы 25 сәуірде ЧАЭС 4-ші энергоблогын ағымдағы жөндеу жұмыстары үшін тоқтату жоспарланды. Мұндай тоқтатулар кезінде жоспары бағдарламалар бойынша станция жабдықтарының жұмысын тексеру мақсатында сынақтар жүргізілетін болған. Бұл жолы жоспарланған сынақтың мақсаты төтенше жағдайда турбиналардың бумен қамтамасыз етілуі тоқтаған кезде реактордың өзінің кинетикалық күшімен инерция арқылы қанша уақытқа дейін жұмыс істей алатындығын анықтау болды. Басқаша айтқанда, эксперимент авторлары реактор жұмысы тоқталыған кезде электр энергиясын өндіруге және өз механизмдерінің, бүкіл блоктың жұмысын қамтамасыз етуге қанша ротор энергиясы жететінін тексергісі келді [3, 97 б]. Мұндай ақаулар реактордың жоғарғы жылдамдықты апаттық салқындату жүйесі іске қосылған кезде орын алуы мүмкін болды, сондай ақ бұндай типтегі эксперимент ЧАЭС бұрын сондыда сәтті жүргізіліп тұрғандықан жаңашылдық емес еді. Дегенмен де, бұл жолы эксперимент бағдарламасында біршама қателіктер болды, қажетті инстанциялармен бекітілмей, регламент пен белгіленген қауіпсіздік ережелері мүлдем сақталынған жоқ.

Экспериментті дайындау және жүргізу барысында операторлар бірқатар маңызды апаттық қорғаныс жүйелерін мақсатты түрде өшірді. Бу қысымы төмендеген кезде іске қосылатын реактордың апаттық салқындату жүйесі өшірілді, реактордың қауіпті төмен қуат деңгейінде жұмыс істеуіне жол бермейтін қорғаныс бұғатталды. РБМК қауіпсіздігі үшін маңызды көрсеткіш болып табылатын реактивтіліктің төмен операциялық қоры (ОЖР) бойынша қорғаныс өшірілді. Бұл шаралар қорғаныс жүйелері экспериментті жүргізуге кедергі келтірмес үшін әдейі жасалынған болатын [3, 98-99 б].

Сынақ кезінде жұмыскерлердің қателігінің салдарынан реактор қуаты қатты төмендеп кетті. Реакторды өшіру жоспар бойынша жүргізілуі тиіс эксперименттің тоқтатылуын білдірді, сол себепті кезекші персонал барлық автоматты басқару элементтерін өшіріп, нейтрондық күшті реттегіш стренженьдердің 95%-ын реактордың белсенді зонасынан алып тастады. Нәтижесінде реактор қуаты нұсқаулықта бекітілген нормадан асып кетіп, істен шықты. Мың тонналық салмағы бар реактор қақпағын жарылыс ұшырып жіберді, ал реактор шахтасынан жүзге жуық килограмм сутегі сыртқа атылып шықты. Бұл жағдай ядролық энергетика тарихындағы ең ірі техногенді апат болып есептеледі: реактордың активті зонасы толығымен жойылды, энергоблок ғимараты қиратылып, қоршаған ортаға көп мөлшерде радиоактивті материалдар шашылды [1, 108 б].

Ендігі осы деректерді саралай отыра жарылысқа себеп болған ең алдымен жұмыскерлердің өрескел қателігі деп қорытындылауға да негіз бар. Бірақ, жұмыскерлер қателігі ең алғашқы, бірақ жалғыз себеп болмағанын айта кеткеніміз жөн. Мысалғы, 4 энергоблоктағы эксперимент кезінде орын алған қауіпті жағдайдың нақты масштабты катастрофа деңгейіне жетуіне академик Легасов басшылығымен КСРО ғылым академиясының сараптамалық комиссиясы жүргізген жұмыстар барысында анықталған РБМК реакторының конструкциялық кемшіліктерінде ықпал етті.

Легасов анықтаған реактор конструкциясының кемшіліктері:

Біріншіден, реактордың физикалық тұрақсыздығы: РБМК реакторында қуат төмендеген жағдайда керісінше реакцияның күшеюіне алып келетін әсер болды. Бұл құбылыс оң қуаттық реактивтілік коэффициенті деп аталады [4, 76-77 б]. Яғни реакторда су мөлшері азайған сайын нейтрондарды баяулату күшейіп, ядролық тізбекті реакция бақылаусыз артып кетуі мүмкін еді. Мұндай реактор физикалық тұрғыдан өздігінен тұрақталмайтын сипатқа ие. Бұл кемшілік апатқа тікелей жол ашқан фактор ретінде қарастырылады.

Екіншіден, жылдам тоқтату жүйесінің қауіптілігі: (А3-5 батырмасы). Ядролық реакторды тоқтатуға арналған А3-5 батырмасы апат кезінде реактор қуатын төмендетудің орнына керісінше оны алғашқы секундтарда күрт арттырып жіберді. Бұған себеп: басқару стерженьдерінің ұшында графит ұштарының болуы (Графит суға қарағанда нейтрондарды әлсіз сіңіреді. Сондықтан, А3-5 (Апаттық Қорғаныс) батырмасы басылған кезде, суды СУЗ арналарынан ығыстырып шығарған графит және судың бір мезгілде активті аймаққа енуі, реактивтілікті тым қатты арттырып жіберді. Ал қалған 6-8 реттеуші стерженьдер бұл артық реактивтілікті тежей алмады. Реакторда тізбекті реакция басталды, нәтижесінде термиялық жарылыс орын алды. Нақтырақ айтқанда, «реакторды әзірлеушілер техникалық қорғау құралдарын әдейі өшіру және пайдалану регламентін бұзу орын алған кезде болу ықтималдылығы жоғары апаттың алдын алатын қауіпсіздік қорғау жүйелерін құруды көздемеді, өйткені олар оқиғалардың мұндай үйлесімін мүмкін емес деп санады» [4, 81 б].

Тиісті қорғаныс қабығының (контейнменттің) болмауы: РБМК реакторларында Батыстың көптеген энергетикалық реакторларымен салыстырғанда, ішкі жарылысқа төтеп бере алатын және радиоактивті материалдардың қоршаған ортаға шығарылуына жол бермейтін берік, герметикалық қорғаныс қабығы болмады [4, 82 б]. Реактор ғимаратының өзіндік герметикалық қасиеті болғанымен, апатты жағдайларда ол тиімсіз қорғаныс қызметін атқарды. Бұл өз кезегінде реактор қондырғысының кез-келген бұзылуы радионуклидтердің жаппай сыртқа шығарылу қауіпін білдірді.

Апаттың салдары және Кеңес Одағына деген сенімсіздік.

Жарылыс кезінде циркуляциялық сорғылар операторы Валерий Ходемчук бірден қаза тапты. Ол апаттан қаза болған алғашқы адам болып саналады және денесі мәңгіге ғимарат қиратындыларының астында қалғаны ресми мойындалды. Тағы бір адам, іске қосу бөлімінің қызметкері Владимир Шашенок, сол күні таңғы сағат 6:00-де Припятьтегі № 126 медициналық бөлімшесінде омыртқасының сынуы мен көптеген күйіктерден қайтыс болды. Кейіннен жарылыс кезінде станцияда болған АЭС-тің 134 қызметкері мен ликвидациялық топтың мүшелері шектен тыс радиациялық дозаның салдарынан сәуле ауруына шалдықты және алдағы бірнеше ай ішінде ажал құшты [5, 41 б].

Радиация деңгейінің шектен тыс жоғары екендігі тек таңғы сағат 3:30 да ғана анықталды. Неге? Себебі кеңестік державаның ең үлкен атомдық станциясында тек 2 дозиметр ғана болды, соның өзінде олардың 1-і максималды тек 1000Р ғана өлшей алса, 2-сі қиратындылардың кесірінен қолжетімсіз болып қалды.

IAEA (International Atomic Energy Agency), WHO (World Health Organization) және БҰҰ-ның сараптамалық құрылымдары жүргізген зерттеулер нәтижесінде апат салдарынан алдағы бірнеше жыл ішінде шамамен 4000 адам радиациялық әсерден көз жұмғаны анықталды. Ресми халықаралық деректерден бөлек, кейбір ғалымдар мен экологиялық ұйымдар апаттың адам шығынын айтарлықтай жоғары деп көрсетеді. Мысалы: «Chernobyl: Consequences of the Catastrophe for People and the

Environment» бойынша 1986-2004 жылдар аралығында 985 000-ға жуық адам радиация салдарынан мезгілсіз қайтыс болды деп есептеледі [6, 8 б].

Авария салдарынан КСРО жерінің 200 мың км² радиоактивті ластанып, оның 15 мың км²ге жуығы тұруға жарамсыз деп танылды. 8,5 млн астам адам радиоактивті сәулеленуге ұшырады. Цезий-137 радиоактивті ластануына 19 мың км² ауыл шаруашылығы жері және 20 мың км² орман жері ұшырады. 3768 елді мекен ластанған аумаққа кірді, оның ішінде 2,2 млн халқы бар 27 қала бар. Зардап шеккен аумақтардан 138 мың адам қоныс аударуға мәжбүр болды. Беларусь КСР-інде халықтың бестен бір бөлігі өмір сүретін жер бір күнде радиация аймағына айналды. 485 елді мекен өмір сүруін тоқтатты [7, 59 б]. Өзінің бүкіл әлем алдындағы жоғарғы беделін сақтап қалу және оған ешқандай келтіруге және сын айтуға себеп бермес үшін КСРО барынша апаттын шынайы масштабын жасыруға тырысты, бірақ бұл саяси және жалпы экологиялық тұрғыдан тотальді қателік екенің Кремель ескерген жоқ.

Халықты эвакуациялау және апат салдарын ликвидациялау іс шараларына жұмсалған қаржы Кеңес Одағының орталық бюджетінен бөлінген болатын. Бұл тұрғыда кеңестік дәуірдегі БАҚ жарияланған ресми мәліметтерге сүйене аламыз: Кеңес Қаржы министрлігінің 1991 жылғы 16 шілдедегі есебіне сәйкес, 1986 жылдан 1990 жылға дейін Чернобыль апатын жоюға байланысты шығындар 12,6 миллиард рубльді құрайды. 1986 жылдың ортасында жасалған алғашқы ресми шығын бағалауы бойынша залал 3-5 миллиард АҚШ долларын құрады [7, 69 б]. Чернобыльдің нақты шығындарын есептеу өте қиын, бірақ көбінесе 1986-2000 жылдар аралығында барлық ликвидациялық іс шараларға жұмсалған сомма 358 миллиард долларлық көрсеткіш деп аталады.

Көпшіліктің көзқарасы бойынша дәл осы АЭС апаты КСРО-ның күйреуіне әкелген оқиғалар тізбегіндегі шешуші тетіктердің бірі болып саналады.

КСРО ондаған жылдар бойы стратегиялық салаларда, әсіресе ядорлық өнеркәсіпте қатаң құпиялылық саясат жүргізгендіктен, апат туралы кез келген ақпараттың сыртқа шығуынан қауіптенді. Себебі, кеңес жүйесінде «өнеркәсіптегі кез келген апатты оқиға - мемлекеттің әлсіздігінің көрсеткіші» ретінде саналды сондықтан да, жоғарғы басшылық аварияны жария қылмай локальді ауқымда шешпек болды. Бүкіл елде тек үш адам ЧАЭС бойынша нақты шынайы ақпаратқа ие болды: КОКП ОК Бас хатшысы Михаил Горбачев, КСРО Министрлер Кеңесінің басшысы Николай Рыжков және гидрометеорология және табиғи ортаны бақылау жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы Юрий Израиль [8, 45 б]. Апат туралы ақпаратты құпиялықта ұстай алса да, кеңес үкіметінде оның масштабы салдарын жасыруға мүмкіндік болмады. Нәтижесінде, Кеңес Одағынан солтүстікке қарай орналасқан Швейцариядағы «Форсмак» атом электр станциясында шектен тыс радиациялық ластану деңгейі байқалып, алғашқы дабыл соғылды. Шведтер МАГАТЭ-ге ресми баяндама жасаумен қорқытқаннан кейін ғана КСРО апат туралы хабарлауға мәжбүр болды.

Кеңестік БАҚ-да апат туралы алғашқы хабар тек 28 сәуір күні кешке «Время» бағдарламасында жарияланды. Ал ертеңінде Украиналық газеттердің басты бетінде алты сөйлемнен тұратын хабарлама пайда болды: «От Совета Министров СССР. На Чернобыльской атомной электростанции произошла авария. Поврежден один из атомных реакторов. Принимаются меры для ликвидации последствий аварии. Пострадавшим оказывается помощь. Создана правительственная комиссия» [9, 1 б] Сонымен қатар, айта кететін жайт, 1 мамыр күні Киев қаласында «еңбекшілер» күніне байланысты үлкен ауқымды мерекелік шеру өткізілу жоспарланған еді. ЧАЭС апаты жағдай кеңестік билік көзқарасы бойынша тек локальді сипатқа ие болғандықтан және халық арасында дүрбелең тудырмас үшін мерекелік шеруді міндетті түрде өткізу туралы шешім қабылданды. Осы әрекет арқылы КСРО өзінің «құпиялылық» саясатын берік ұстануға тырысқанын байқай аламыз. «Бұл халықаралық қауымдастық үшін жағдайдың толық бақылауда екенін, адамдар қауіпсіздікте және өздерінің қорғалғандығын көрсететін маркер болуы керек еді», - деп жазады Сергей Плохий өзінің «Чернобыль. История о ядерной катастрофе» кітабінде.

Бірақ, айта кеткеніміздей Швециядағы шектен тыс радиациялық фон бүкіл әлемге КСРО-да болып жатқан ахуал туралы алғашқы жаңалықты кеңес халықтарының өздерінен бұрын бірінші хабарлады. Апат туралы алғашқы кең көлемді ақпарат Швеция тарапынан жарияланғаннан кейін, 1986 жылдың 28-29 сәуірінде АҚШ Мемлекеттік департаменті мен Ақ үй тарапынан ресми мәлімдемелер жасалды. 1986 жылы 29 сәуірде АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы сарапшылары Чернобыль апаты туралы есеп дайындай отыра, оны тарихтағы ең ірі және шығынды ядорлық апат деп бағалады [10, 4 б]. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джордж Шульц Кеңес Одағының апатты екі тәуліктен астам уақыт бойы жасырып, көрші мемлекеттерді қауіп туралы ескертпеуін халықаралық міндеттемелерді бұзу деп бағалады. АҚШ мәлімдемелерінде Мәскеудің «аса маңызды ақпаратты құпия ұстайтын кеңестік дәстүрге сүйенгені» және бұл әрекет «халықаралық қоғамдастыққа көрсетілген немқұрайлық» екені атап өтілді. Сол күні АҚШ президенті Рональд Рейганның әкімшілік кеңесі Кеңес Одағына бейбіт

түрде өз көмегін ұсынбақшы болды, бірақ кеңестік пропаганда көмек туралы ұсынысқа баспасөздерде жаппай жарияланған шетелдік мемлекеттердегі ядролық апаттар туралы мақала, хабарламалары арқылы пассивті түрде жауап берді. Нәтижесінде АҚШ әкімшілігі Чернобыль апатын кеңес жүйесінің құрылымдық әлсіздіктерінің көрінісі ретінде сипаттады. Президент Рональд Рейган апаттың алғашқы күндерінде-ақ Кеңес Одағын «тоталитарлық құпиялылықтың қауіпті салдарлары» туралы ескертті. Бұл риторика Қырғи қабақ соғыс жағдайындағы идеологиялық бәсекелестікті күшейтіп, кеңестік басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығына күмән келтіру үшін пайдаланылды.

Американдық баспасөз де осы бағытты қолдады. *The New York Times*, *The Washington Post* және *Time* журналдары Мәскеудің ақпаратты жасыру тактикасын «үрейлі үнсіздік», «адам өміріне қауіп төндірген құпиялылық» және «кеңестік басқару жүйесінің дағдарысы» ретінде бағалады [11, 2-3 б]. БАҚ-та ұсынылған бұл сындар АҚШ қоғамында Кеңес Одағының беделін төмендетуге тырысқан саясатын айқын көрсетті.

Сонымен қатар, апаттың шынайы себептерін кеңестік баспасөзге сүйенбей ақ, өз бетімен анықтау мақсатында АҚШ ұлттық зертханалары (Лос-Аламос, Ок-Ридж) мен Ядролық реттеу комиссиясы (NRC) ЧАЭС жағдайына техникалық талдау жүргізді. Олар РБМК типіндегі реакторлардың қауіпсіздік деңгейі төмен, операторлық қателіктерге бейім және апат кезінде радиацияның таралуын бақылайтын жүйелерінің тиімсіздігін айқын көрсетті [10, 5 б]. Зерттеулер қорытындысы негізінде Кеңес Одағындағы аты шулы ядролық технологиялары шын мәнінде халықаралық стандарттарға ішінара сәйкес келмейін, әлсіз, қауіпсіздік жүйесі жетілдірілмеген деп бүкіл әлем алдында сынға алынды.

Еуро Одақ елдері апаттың шын ауқымын біле тұрса да, Кремельдің үнсіздік сақтап, жағдайдың масштабын біршама уақытқа дейін мойындамауы Кеңес Одағының халықаралық аренадағы беделіне айтарлықтай нұқсан келтіргені рас. Сәйкесінше, батыс қоғамдастығы кеңестік деректер мен бағалаулардың шынайылығына сенімсіздікпен қарады. Мысалы, АҚШ шенеунігі Сенат тыңдаулары кезінде кеңестік шығындар туралы есептерді «асыра сілтеу» деп атады, ал Мемлекеттік хатшы Джордж Шульц кеңестік шығындардың ең аз санына күмән келтірді. КСРО-да орын алған дағдарыстық жағдайдың бірінші айларында көптеген батыстық шенеуніктер КСРО-ға деген сенімнің төмендегені туралы қорытындыға келді: АҚШ Мемлекеттік департаментінің аналитикалық құжатында атап өтілгендей, апат кеңестік сыртқы саясаттың «ресми мақсаттарының барлығына нұқсан келтіреді» және «Горбачевтің халықаралық кездесулерде прогресті жеделдетуге немесе қару-жаракты бақылау бойынша жеңілдіктерге баруына бейімділігін төмендетті» [12, 8-9 б]. Шын мәнінде, Чернобыль атом электр станциясы кеңес басшылығының мәлімделген ниеттеріне күмәнмен қарауды арттырған факторлардың бірі болғаны мәлім.

Ұзақ мерзімді перспективада Чернобыль дағдарысы ядролық саладағы жаһандық ынтымақтастық қажеттілігін күшейтеді. Ақпарат алмасудың кешігу мәселесіне тікелей жауап ретінде - 1986 жылдың соңында МАГАТЭ-нің қолдауымен Ядролық апаттарды ерте хабарлау туралы халықаралық конвенция әзірленіп, КСРО қол қойып, ратификациялады. Чернобыль оқиғасынан кейін Кеңес Одағының сыртқы саясаты белгілі бір ықпалдың жоғалуымен сипатталды: супердержава ретіндегі кеңестіктердің үлгісіне деген сенімнің әлсірегені байқалды. Сарапшылар апат КСРО-ның технологиялық артықшылығына күмән тудырғанын және кеңестік техниканы шетелге таратудың көптеген жоспарларын қайта қарауға мәжбүр еткенін атап өтті. Сонымен қатар, Чернобыль атом электр станциясындағы апат Варшава келісімшарты ішіндегі саяси және идеологиялық бөлінуді жеделдеткен фактор ретінде қаралды, өйткені апаттан кейінгі ақпараттың жасырылуы, басқару дағдарысы және КСРО-ның әрекетсіздігі одақтас социалистік мемлекеттердің Мәскеуге деген сенімін күрт төмендетті. Жалпы алғанда, «Чернобыль факторы» 1980 жылдардың аяғындағы жүйенің халықаралық беделінің төмендеуіне үлкен ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гурачевский В.Л. Введение в атомную энергетику. Чернобыльская авария и ее последствия. М., 2014. - 176 с.
2. Валерии Агайчик. Анализ причин аварии на ЧАЭС.
3. Карпана Н. В. Чернобыль. Месть мирного атома. - Москва : Эксмо, 2006. - 384 с.
4. The Chernobyl Accident : USSR Report. - Vienna : International Atomic Energy Agency, 1986. - 190 p.
5. Булдаков Л.А., Аветисов Г.М, Бархударов Р.М. Оценка дозовой нагрузки на население и долгосрочных радиологических последствий в результате аварии на ЧАЭС// Ближайшие и отдаленные

последствия радиационной аварии на Чернобыльской АЭС/ Под ред. Л.А. Ильина и Л.А. Булдакова. - М.: Министерство Здравоохранения СССР, 1987. - 92 с.

6. Chernobyl: The True Scale of the Accident : Joint News Release by the International Atomic Energy Agency and the World Health Organization. - Vienna-Geneva, 2005. - 15 p.

7. Наследие Чернобыля: Медицинские, экологические и социально-экономические последствия// Шутов В.Н., Базюкин А.Б., Кадука М.А. Сообщение для Чернобыльского Форума (2004). - 86 с.

8. International Atomic Energy Agency; Nuclear Energy Agency (2002). Chernobyl - 10 Years On: The Chernobyl Legacy. OECD, Paris.

9. Сообщение ТАСС о аварии на Чернобыльской АЭС // Правда. - 1986. - 29 апреля. - № 120 (26686). - С. 1.

10. Nuclear Energy Agency (NEA) (2006). Chernobyl: 10 years on - Chapter III. Reactions of national authorities. OECD/NEA.

11. Rosenstiel, T. B. (1986, May 10). Soviet Secrecy Blamed for Exaggerated American Reports on Chernobyl Disaster. Los Angeles Times.

12. Дипломатические материалы и доклады (архивы США / Reagan Library) о реакции Запада и оценках советской информационной политики.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ГЕОСАЯСИ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТРАНЗИТТІК ОРТАЛЫҚ РЕТІНДЕГІ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Кужекова Д.Е.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, тарих магистрі Аймахов Е.Н.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті

kuzhekova.12@gmail.com

Қарағанды қ.

Аннотация: Қазақстан Еуразияның географиялық ортасында орналасқан стратегиялық транзиттік хаб ретінде ерекше рөл атқарады. Елдің теміржол, автомобиль, теңіз және мультимодальды инфрақұрылымы Қытай, Еуропа, Ресей, Таяу Шығыс елдері арасындағы халықаралық жүк ағымдарын тиімді өткізуін қамтамасыз етеді. Хоргос пен Алтынкөл құрғақ порттары, Ақтау мен Құрық теңіз терминалдары және Транскаспий, Солтүстік-Оңтүстік дәліздері Қазақстанды маңызды транзиттік нүктеге айналдырады. Елдің транзиттік әлеуеті геосаяси жағдай, инфрақұрылымның дамуы және халықаралық ынтымақтастық арқылы артып, жаһандық логистикалық желілерде маңызды рөл атқаруда, Дегенмен, кедендік рәсімдердің кешігуі, порттардың шектеулі өткізу қабілеті және аймақтық саяси тәуекелдер әлі де сақталуда.

Кілт сөздер: Қазақстан; транзит; геосаясат; хартленд; Орта дәліз; Транскаспий бағыты; инфрақұрылым; логистика; Орталық Азия; «Солтүстік-Оңтүстік» дәлізі; Каспий теңізі; Хоргос; Алтынкөл; Ақтау және Құрық порттары; мультимодальды тасымалдар; халықаралық жүк ағындары; транзиттік әлеует; халықаралық көлік дәліздері.

Қазақстан Еуразия континентінің қақ ортасында орналасып, бірегей географиялық жағдайға ие болып отыр. Бұл тарихи тұрғыдан оның аумағын сауда, әскери және мәдени жолдарының қиылысуының маңызды торабына айналдырды. XX ғасырдың көптеген классикалық геосаяси тұжырымдамалары Орталық Азия өңірінің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның ерекше стратегиялық маңызы бар екенін атап көрсетеді. Сондықтан елді жиі «Еуразия жүрегі», «транзиттік орталық» немесе «географиялық тірек нүктесі» (pivot) деп атайды. Аймақтың осындай рөліне назар аударған алғашқы ойшылдардың бірі Британдық географ және саясаттанушы Хэлфорд Джон Маккиндер болды. Өзінің әйгілі «Тарихтың географиялық осі» (1904) атты еңбегінде ол «хартленд» (heartland) - «жердің өзегінің» болуы туралы идеяны алға тартты. Хартленд терминін Маккиндер Еуразияның ішкі материгінде, мұхиттар мен теңіздерден алыс орналасқан кең аумақ деп түсінді. Ол бұл аумақты басқаратын мемлекет бүкіл «Дүниежүзілік арал жүйесіне» (World-island) - Еуропа, Азия және Африка жиынтығына әсер ете алатындықтан экономикалық және әскери тұрғыдан шешуші артықшылыққа ие болады деп сенді. [1] Орталық Азия, қазіргі Қазақстанның көп бөлігін қоса алғанда, бұл теорияның негізгі өзегі болып табылады және оны бақылау бүкіл континентке ықпал етуді қамтамасыз етеді. Кейінірек американдық геосаясатшы Николас Спикмен бұл идеяны өзінің «римленд» (rimland) тұжырымдамасы - Еуразияның «жағалау аймағы» шеңберінде дамытып, толықтырды. Ол өзінің «Әлем